ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
САРЫАҒАШ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ

«07»09 2023 жыл № 268

Жер учаскесін сату жөніндегі сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17,48 баптарына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электронды түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес және ауданның жер қатынастары бөлімінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №229-10/01-09/2790 хатын қарап аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған сауда-саттыққа шығарылатын объектілердің тізімі, сауда – саттық өткізу нысаны мен әдісі, сауда-саттық объектілерінің бастапқы және ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері бекітілсін.

2. Сарыағаш ауданының жер қатынастары бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жер сауда-саттығын (аукционды) жүргізуді ұйымдастырсын;

2) ұйымдастырушымен аукционды ұйымдастыруға және өткізуге шарт жасассын;

3) аукционға қойылатын жер учаскесі туралы мәліметтерді қамтитын аукцион өткізу туралы хабарламаны аукцион өткізудің жарияланған күнінен бұрын он бес күннен кешіктірмей мерзімді баспасөз басылымында, аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде жариялассын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Талиповке жүктелсін.

Аудан әкімі **А.Абдуллаев**

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
«07» 08 2023 жылғы
№ 268 қаулысына
қосымша

Сауда-саттыққа шығарылатын объектілердің тізімі, сауда-саттық өткізу нысаны мен әдісі, сауда-саттық объектілерінің бастапқы және ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері

№	Лот	Жер учаскенің орналасқан жері	Жер көлемі (га)	Жер учаскенің нысаналы мақсаты мен пайдалану құқығы	Сауда-саттықты өткізу нысаны мен әдісі	Жердің бастапқы бағасы (теңге)	1 жылға жалдау құқығын сатып алу құны (теңге)	Кепілдік жарнаның мөлшері (теңге)
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*	*7*	*8*	*9*
1	1	Құркелес ауылдық округі аумағынан	1,0	Темір бетон өндіріс зауыты құрылысы үшін	Ағылшындық әдіспен	1232000	24640	172500
2	2	Құркелес ауылдық округі аумағынан	1,20	Кәсіпкерлік мақсаты бойынша пайдалану үшін		1478400	29568	172500